

## Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 маусымдағы N 440 Заңы.

### МАЗМҰНЫ

Ескерту. Тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "аудиторлар мен", "аудитормен немесе", "аудиторды және", "аудитордың немесе", "аудитордың және", "аудиторды немесе", "жеке кәсіпкер ретінде аудиторлық қызметті жүзеге асыратын аудиторлар және", "аудиторларды немесе", "аудиторларға және", "аудитор және", "аудитор немесе" деген сөздер алып тасталды - ҚР 2006.05.05 № 139 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

Осы Заң аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға байланысты

туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді және оны жүргізудің құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін белгілейді.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

#### 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі – аудиторлық ұйымның аудит жүргізу кезінде аудиттеу субъектілеріне келтірілген мүліктік зиянды өтеуінің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген міндеті;

2) аудиттеу субъектісі – аудиторлық ұйыммен аудит жүргізуге шарт жасасқан заңды тұлға;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

2-1) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР 16.01.2026 № 259-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3) пайда алушы – осы Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

4) сақтандыру жағдайы – басталуына орай аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

5) тармақшаны алып тастау көзделген – ҚР 16.01.2026 № 259-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5) сақтандыру омбудсманы – "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;

6) сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

7) сақтандыру сыйлықақысы – сақтанушы сақтандырушыға соңғысы аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;

8) сақтандыру төлемі – сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;

9) сақтандырушы – сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) шартта айқындалған сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;

10) сақтанушы – сақтандырушымен аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан аудиторлық ұйым;

11) франшиза – сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату.

**Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **2-бап. Қазақстан Республикасының аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңдары**

1. Қазақстан Республикасының аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3. Осы Заңның сақтандырушыға, оның ішінде сақтандыру ұйымына қатысты қолданылатын ережелері Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының филиалдарына қолданылады.

**Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 02.01.2021 № 399-VI (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **3-бап. Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі**

Аудиторлық ұйымның Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген, аудитті өткізу кезінде аудиттеу субъектілеріне келтірілген мүліктік зиянды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүддесі аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (бұдан әрі - аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру) объектісі болып табылады.

### **4-бап. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандырудың негізгі мақсаты, қағидаттары және міндеттері**

**Ескерту. 4-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 30.06.2025 № 205-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

1. Аудиторлық ұйымның аудитті өткізу кезінде мүліктік зиян келтірілген аудиттеу субъектілерінің мүліктік мүдделерін қорғауды сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы қамтамасыз ету аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандырудың негізгі мақсаты болып табылады.

2. Мыналар аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандырудың негізгі принциптері:

аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша жауапкершілігі сақтандырылған аудиторлық ұйымдардың қызметін жүзеге асыру;

тараптардың аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуі болып табылады.

3. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандырудың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) аудит жүргізу кезінде аудиттелетін субъектілерге келтірілген мүліктік зиянның өтелуін қамтамасыз ету;

2) аудит жүргізу кезінде аудиттелетін субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

**Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 205-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **4-1-бап. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асырудың ерекшеліктері**

1. Алып тасталды - ҚР 27.04.2015 № 311-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға, аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын жасасу бойынша бір сақтандырушыларға басқаларының алдында негізсіз артықшылықтар беруге немесе алуға,

сақтанушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге бағытталған қызметке жол берілмейді.

Ескерту. Заң 4-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 27.04.2015 № 311-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **5-бап. Азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандырылуға жататын тұлғалар**

1. Аудиторлық қызметті Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен аудиторлық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия алған аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандырылуға жатады.

2. Аудиторлық ұйымның кәсіби қызметті жүзеге асыруға байланысты өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігіне ерікті сақтандыру шартын жасасуы оны аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндеттен босатпайды.

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.05.05 № 139 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

#### **6-бап. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаспай аудиторлық ұйымның қызметін жүзеге асыруына жол бермеу**

1. Аудиторлық ұйым аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаспай аудиторлық қызметті жүзеге асыруға құқылы емес.

2. Қызметті аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаспай жүзеге асыратын аудиторлық ұйым Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.05.05 № 139 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

#### **7-бап. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласындағы мемлекеттік қадағалау және бақылау**

1. Сақтандыру ұйымдарының қызметін мемлекеттік қадағалауды және бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) жүзеге асырады.

2. Аудиторлық ұйымдардың осы Заңның аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу міндеттілігіне қатысты бөлігіндегі талаптарды орындауына мемлекеттік бақылау және осы талапты бұзған аудиторлық ұйымдарға шаралар қолдану осы Заңға сәйкес тиісті уәкілетті мемлекеттік органға оның Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген құзыреті шегінде жүктеледі.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.05 № 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **7-1-бап. Ақпараттық өзара іс-қимыл**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

7-1-бапқа өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 16.01.2026 № 259-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Сақтандыру жағдайының басталу фактісін растау үшін қажет және оның салдары туралы ақпарат қолында бар уәкілетті мемлекеттік орган, прокуратура органдары, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар осы ақпаратты сақтандырушыға, сақтанушыға (пайда алушыға), сақтандыру омбудсманына олар өтініш жасаған кезде беруге міндетті.

Ескерту. 1-тарау 7-1-баппен толықтырылды – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **2-тарау. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты**

#### **8-бап. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты, оны жасасу тәртібі**

1. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру осы Заңға және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес сақтандырушы мен сақтанушы арасында аудитті өткізу кезінде мүліктік мүдделеріне зиян келтірілуі мүмкін аудиттеу субъектісінің пайдасына жасалатын шарттың негізінде жүзеге асырылады.

2. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында, сақтанушының аудитті өткізу кезінде аудиттеу субъектілеріне келтірілген зиян салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша, моральдық шығынды, ала алмаған пайданы өтеуді және тұрақсыздық айыбын төлеуді қоспағанда, сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.

3. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты міндетті сақтандырудың осы түрі бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалады. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, аталған сақтандырушы үшін мұндай шартты жасасу міндетті болып табылады.

4. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады.

Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілуге жататын талаптардың толық болмағаны үшін сақтандырушы жауапты болады. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты

бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда, дау сақтанушының пайдасына шешіледі.

4-1. Сақтанушының қалауы бойынша аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушыға жазбаша жүгіну не сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу арқылы жасалуы мүмкін.

5. Егер аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушының немесе аудиттеу субъектісінің жағдайын осы Заңда көзделгенмен салыстырғанда нашарлататын талаптармен жасалса, онда сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы сақтанушы мен аудиттеу субъектісінің алдында осы Заңда белгіленген талаптар бойынша міндетті болады.

**Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**8-1-бап. Электрондық ақпараттық ресурстар алмасу арқылы аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу және сақтандыру жағдайларын реттеу кезінде сақтандырушыға және интернет-ресурстарға қойылатын талаптар**

1. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу және олар бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу кезінде дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым, сақтандырушы және сақтанушы (пайда алушы) арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу үшін сақтандырушының интернет-ресурсы және (немесе) ақпараттық жүйесі пайдаланылады.

Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу және сақтандыру жағдайын реттеу үшін өтініш беру кезінде сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық қамтылымды пайдалану талап етілмейді.

Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның интернет-ресурсында электрондық нысанда аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын жасасу және сақтандыру жағдайларын реттеу үшін пайдаланылатын сақтандыру ұйымының интернет-ресурсына сілтеме орналастырылады.

2. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мен сақтандырушы, сақтандырушы мен сақтанушы (пайда алушы) арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

3. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу және олар бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу кезінде сақтандырушы:

1) сақтанушыға аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу не оны жасасудан бас тарту (бас тарту себептерін көрсете отырып) туралы хабарламаны электрондық хабар түрінде дереу жіберуді;

2) реттеу үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартуды (бас тарту себептерін көрсете отырып) қоса алғанда, сақтандыру жағдайын реттеу процесінің негізгі кезеңдері туралы сақтанушыны (пайда алушыны) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен электрондық хабар түрінде хабардар етуді;

3) сақтанушының жасалған аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жөніндегі ақпаратты сақтандыру ұйымының интернет-ресурсында тексеру мүмкіндігін;

4) сақтанушының (пайда алушының) аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы жөніндегі ақпаратты сақтандыру ұйымының интернет-ресурсында тексеру мүмкіндігін;

5) сақтанушы (пайда алушы) үшін сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, электрондық нысанда аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының және ол бойынша сақтандыру жағдайы жөніндегі ақпараттың сақталуын;

б) сақтанушыға (пайда алушыға):

аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу;

аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;

сақтандыру жағдайының (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиғаның) басталғаны туралы хабардар ету;

келтірілген зиян мөлшерін айқындау;

сақтандыру төлемін алу;

осы Заңның 19-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін қажетті электрондық нысандағы ақпаратты (өтініштер, хабарламалар және (немесе) өзге де құжаттар, мәліметтер) жасау және сақтандырушыға жөнелту мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу туралы хабарлама дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан жіберіледі.

Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу туралы хабарламалардың тәртібі мен мазмұнына қойылатын талаптарды уәкілетті орган айқындайды.

4. Егер аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық ақпараттық ресурстар алмасу арқылы жасасу кезінде сақтанушы сақтандыру шартын сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда, бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап жасады деп есептеледі.

5. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық ақпараттық ресурстар алмасу арқылы жасасу кезінде сақтанушы осы Заңда көзделген сақтандыру талаптарымен танысқаннан кейін сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда, бірінші сақтандыру жарнасын) төлейді, сол арқылы ол өзіне ұсынылған талаптармен қосылу шартын жасасуға өзінің келісетінін растайды.

6. Сақтандырушы сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын жасасу және олар бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу мүмкіндігін тәулік бойы қамтамасыз етеді.

7. Сақтандыру агенттерінің аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі қызметіне жол берілмейді.

**Ескерту. 2-тарау 8-1-баппен толықтырылды – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР 12.07.2022 № 138-VII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **9-бап. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуы**

1. Егер аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда ол сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген, ал оны мерзімін ұзартып төлеген кезде - бірінші сақтандыру жарнасын төлеген кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

2. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты күшіне енгізілген күннен бастап он екі ай мерзімге жасалады.

Сақтандырушылық қорғаудың қолданылу кезеңі аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

3. Егер аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

#### **10-бап. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуын тоқтату**

Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мынадай жағдайларда:

- 1) шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанда;

2) шарт мерзімінен бұрын тоқтатылғанда;

3) сақтандырушы сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы мөлшерінде жүзеге асырғанда өзінің қолданылуын тоқтатады.

### **11-бап. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату**

1. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген тәртіппен және жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

2. Егер аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату оның талаптарын орындамаған сақтандырушының кінәсінен туындаса, соңғысы сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатудың өзге жағдайларында сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін сақтандырудың қолданылуы ішіндегі уақытқа барабар алуға құқығы бар.

### **12-бап. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының жарамсыздығы**

Аудиторлық ұйымдардың міндетті сақтандыру шартын жарамсыз деп танудың талаптары, негіздері және салдары Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес айқындалады.

### **13-бап. Сақтанушының құқықтары мен міндеттері**

1. Сақтанушы:

1) сақтандырушыдан аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандырудың талаптарын, аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) сақтандыру төлемін осы Заңда көзделген тәртіппен және жағдайларда алуға;

2-1) сақтандырушы (оның ішінде сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы) жүргізген, келтірілген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандыру төлемі мөлшерінің есеп-қисаптарымен танысуға;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**3) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР 16.01.2026 № 259-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

3) аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін осы Заңның 19-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;

## ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР 16.01.2026 № 259-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге құқылы.

Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының азаматтық заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

### 2. Сақтанушы:

1) сақтандыру сыйлықақысын аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;

2) аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандырушыға аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті мәліметтерді ұсынуға;

3) аудитті өткізу нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу туралы талап немесе талап-арыз келтірілгені туралы өзіне белгілі болғаннан бастап, шұғыл түрде, бірақ бес жұмыс күнінен кешіктірмей, қолдан келетін тәсілмен (ауызша, жазбаша) бұл туралы сақтандырушыға хабарлауға;

4) басталуына орай сақтанушыда келтірілген зиянды өтеу міндеті пайда болған оқиғаның себептері, барысы және салдары,

сондай-ақ келтірілген зиянның сипаты мен мөлшерлері туралы талдау жасауға мүмкіндік беретін, өзінің қолы жеткен барлық ақпаратты және құжаттаманы сақтандырушыға ұсынуға;

5) аудиттеу субъектісінің зиянды өтеу туралы талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысуы үшін сақтандырушыға мүмкіндік жасауға;

6) сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды болдырмау немесе азайту жөніндегі шараларды қолдануға;

7) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;

8) өзіне сақтанушы аудит қызметтерін көрсеткен тұлғаны аудит жүргізу кезінде аудиттелетін субъектілердің мүліктік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру туралы хабардар етуге міндетті.

Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **14-бап. Сақтандырушының құқықтары мен міндеттері**

##### **1. Сақтандырушы:**

1) аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтанушыдан аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандырудың осының алдындағы шарттары, сақтандыру жағдайлары, сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты және аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті өзге де мәліметтерді беруін талап етуге;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік және өзге де органдар мен ұйымдардан, олардың құзыретіне орай, сақтандыру жағдайының басталу фактісіне және сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерін анықтауға байланысты құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;

3) аудиттеу субъектілерінің сақтанушының аудитті өткізуге байланысты өз міндеттерін орындауы нәтижесінде келтірген зиянын өтеу туралы талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысуға;

4) осы Заңның 20-бабында көзделген жағдайларда келтірілген зиянға жауапты тұлғаға кері талап құқығын қоюға;

5) осы Заңның 21-бабында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға

құқылы.

Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан

Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

##### **2. Сақтандырушы:**

1) сақтанушыны аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптарымен таныстыруға, оның аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

1-1) аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандырып қорғаудың қолданысы кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабардар етілген кезінде оны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес дереу тіркеуге және дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) жөнінде мәліметтер ұсынуға;

2) аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтанушыға Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен сақтандыру сыйлықақысын толық немесе ішінара қайтаруға;

2-1) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандырушы өтеуге тиісті зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға;

3) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін осы Заңда көзделген тәртіппен және шарттар бойынша жүргізуге;

4) сақтанушыға оның сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында жұмсаған шығыстарын өтеуге;

5) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

6) сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде сақтанушының (пайда алушының) талабын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**7) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР 16.01.2026 № 259-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

7) сақтанушыдан (пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алынған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта жіберуге міндетті.

Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

**Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **3-тарау. Сақтандыру сомасы және сақтандыру сыйлықақысы**

#### **15-бап. Сақтандыру сомасының мөлшері**

Сақтандыру сомасының мөлшері тараптардың келісімі бойынша аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленеді, бірақ, бұл ретте сақтандыру сомасының мөлшері:

1) алынып тасталды - ҚР 2006.05.05 № 139 Заңымен.

2) аудиторлық ұйыммен жасасқан аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша тиісті қаржы жылына арналған республикалық

бюджет туралы заңда шарт жасасқан күнгі белгіленген 10 000 еселенген айлық есептік көрсеткіштен кем болмауға тиіс.

**Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.05.05 № 139 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

#### **16-бап. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері**

Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тараптардың келісімі бойынша аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленеді, бірақ, бұл ретте сақтандыру сыйлықақысының мөлшері аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының 4,5 процентінен аспауға тиіс.

#### **17-бап. Сақтандыру сыйлықақысын төлеудің тәртібі мен мерзімдері**

1. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеудің тәртібі мен мерзімдері тараптардың келісімімен белгіленеді.

2. Егер аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда кезекті сақтандыру жарнасының уақтылы төленбегені үшін сақтанушы сақтандырушыға өзгенің ақшасын заңсыз пайдаланғаны ретінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

3. Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін береді.

**Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **4-тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру төлемі**

##### **18-бап. Сақтандыру жағдайын және сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау**

1. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша аудитті өткізу кезінде аудиттеу субъектілерінің мүлдік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі сақтандыру жағдайы деп танылады.

2. Сақтандыру жағдайы сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы соттың шешімі заңды күшіне енген не сақтанушы аудиттеу субъектілерінің зиянды өтеу туралы талаптарын негізді деп таныған және сақтанушының талаптарды тануына сақтандырушы келіскен күннен басталған деп есептелінеді.

3. Сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандырушы аудиттеу субъектісі талап еткен сомаға орай немесе соттың осы Заңның 8-бабы 2-тармағының ережелерін ескере отырып, келтірілген зиянды өтеу туралы шешімі заңды күшіне енуіне орай айқындайды

4. Сақтанушының шығынды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстары, егер мұндай шығыстар қажетті болса немесе сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалса, егер тиісті шаралар тіпті сәтсіз болса да, сақтандырушының өтеуіне жатады.

Мұндай шығыстар нақты мөлшерінде өтеледі, бірақ сақтандыру төлемінің және шығыстар өтемінің жалпы сомасы аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспауға тиіс, егер шығыстар сақтанушы сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаған болса, олар сақтандыру сомасына қатыссыз толық мөлшерінде өтеледі.

5. Әрбір сақтандыру жағдайы бойынша франшиза мөлшері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ бұл ретте франшиза мөлшері аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының бес процентінен аспауға тиіс.

Келтірілген зиянның мөлшері франшизаның белгіленген мөлшерінен асып кететін жағдайларда сақтандыру төлемі толық мөлшерде жүзеге асырылады.

#### **19-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың талаптары және тәртібі**

1. Сақтанушы не аудиттелетін субъект сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес жазбаша нысанда, оның ішінде сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қояды.

Сақтандырушының талап етуі бойынша өтініш беруші сақтандырушы қол жеткізе алатын мемлекеттік органдардың дерекқорларында және (немесе) ақпараттық жүйелерінде электрондық нысанда бар құжаттарды қоспағанда, сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуға міндетті.

2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) алып тасталды – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2) аудиттеу субъектісінің келтірілген зиянды және оның мөлшерін растайтын, зиянды өтеу туралы сақтанушы таныған құжаттар

қоса берілген талабы немесе соттың аудитті өткізу кезінде сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы заңды күшіне енген шешімі;

3) заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхат;

4) сақтанушы мен аудиттеу субъектісі арасында жасалған, аудит жүргізуге арналған шарттың нотариат куәландырған көшірмесі;

5) зиянды болдырмау немесе мөлшерін азайту жөнінде шаралар қолдануға байланысты шығыстарды растайтын құжаттар (бар болса);

6) аудиторлық есеп-қисаптың көшірмесі, аудиттеу субъектісінің келісімімен.

3. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып, өтініш берушіге анықтама беруге міндетті.

Сақтанушы (пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талабын электрондық нысанда жөнелткен жағдайда, сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсынуы мүмкін.

4. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде пайда алушыдан оның сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттар қабылдауын талап етуге құқылы емес.

5. Аудитті өткізу нәтижесінде сақтанушы зиян келтірген аудиттеу субъектісі, ал аудиттеу субъектісі қайта ұйымдастырылған жағдайда - оның құқық мирасқоры пайда алушы болып табылады.

Аудиттеу субъектісіне (оның құқық мирасқорына) келтірілген зиянды сақтандырушының осы Заңда белгіленген жауапкершілігі көлемінің шегінде өтеген және өз шығыстарының сақтандырушыдан өтелуіне құқық алған сақтанушы немесе өзге де тұлға пайда алушы болып табылуы мүмкін.

6. Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы баптың 2-тармағында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей жасайды.

7. Сақтандыру төлемінің мөлшеріне аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының тараптары немесе пайда алушы дау айтқан жағдайларда сақтандырушы сақтандыру төлемін осы баптың 6-тармағында белгіленген мерзім ішінде аталған тұлғалардың бірде-бірі дау айтпаған бөлігінде жүзеге асыруға міндетті.

Сақтандыру төлемінің дау айтылған бөлігін сақтандырушы бітім келісімі жасалған және оны сот бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні

ішінде не, егер сот шешімді шұғыл түрде орындауды ұйғармаса, осы дау бойынша соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап төлеуге тиіс.

8. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі туралы талап сақтандырушыға сақтандыру жағдайы басталған кезден бастап үш жыл ішінде қойылуы мүмкін.

9. Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде сақтандырушы пайда алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

**Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

19-1-бап жаңа редакцияда көзделген – ҚР 16.01.2026 № 259-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **19-1-бап. Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі дауларды реттеу ерекшеліктері**

1. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде сақтанушы (пайда алушы):

талаптарын көрсетіп және өзінің талабын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтінішін сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге не "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін өтінішін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурс арқылы) немесе сотқа жіберуге құқылы.

2. Сақтандырушы сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде қарайды және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып жазбаша жауап береді.

3. Сақтанушы (пайда алушы) сақтандыру омбудсманына өтініш жасаған жағдайда, сақтандырушы сақтанушының (пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

**Ескерту. 4-тарау 19-1-баппен толықтырылды – ҚР 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **20-бап. Зиян келтірген тұлғаға кері талап құқығы**

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушының сақтанушыға жүзеге асырылған сақтандыру төлемі шегінде мынадай жағдайларда:

1) сақтанушы сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған, не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттер жасағанда;

2) сақтанушы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттер жасағанда;

3) сақтанушы сақтандыру жағдайы кезіндегі шығынды азайту жөнінде шараларды қасақана қолданбағанда;

4) сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы біле тұра жалған мәліметтерді хабарлағанда;

5) сақтанушы сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартқанда, сондай-ақ сақтандырушыға талап қою құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарын беруден бас тартқанда кері талап қоюға құқығы бар.

2. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға сақтанушының сақтандыру нәтижесінде сақтандырушы өтеген шығындар үшін жауапты тұлғаға кері талап құқығы төленген сома шегінде ауысады.

**Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

## **21-бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздері**

1. Сақтандырушы егер сақтандыру жағдайы:

1) аудиттеу субъектісінің сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттерінің;

2) аудиттеу субъектісінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттерінің салдарынан болса, сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін мыналар да:

1) сақтанушының шығынды келтіруге кінәлі тұлғадан шығынның тиісті өтемін алуы;

2) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру жағдайының басталуы туралы сақтандырушыға хабарламау немесе уақтылы хабарламау;

3) сақтанушының сақтандыру жағдайы басталуының мән-жайларын тексеру және келтірілген зиянның мөлшерін белгілеу кезінде сақтандырушыға кедергі келтіруі;

4) аудиттеу субъектісінің аудит жүргізуге арналған шартта көзделген міндеттерді бұзуы;

5) сақтанушының аудиторлық ұйымның Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңдарында белгіленген функцияларына және міндеттеріне сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыруы;

6) аудиттеу субъектісінің сақтанушыға аудит жүргізу үшін қажетті толық емес және (немесе) расталмаған құжаттаманы және басқа да ақпаратты ұсынуы негіз болуы мүмкін.

3. Сақтандыру жағдайының басталуы туралы сақтандырушыға хабарламау немесе уақтылы хабарламау, егер сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы білгендігі дәлелденбесе не сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер етпесе, ол сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.

## **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**4-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР 16.01.2026 № 259-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

4. Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер бар кезде сақтандырушы осы Заңның 19-бабында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы өтініш берген тұлғаға бас тарту себептерінің уәжді негіздемесімен және сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарламамен сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жіберуге міндетті.

5. Сақтандырушының осы бапта көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы жоқ.

**Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **5-тарау. Қорытынды ережелер**

### **22-бап. Дауларды қараудың тәртібі**

Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаралады.

### **23-бап. Қазақстан Республикасының аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық**

Қазақстан Республикасының аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңдарын бұзуға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*